




ТЕНГИЗШЕВРОЙЛ

**2023 жылғы экологиялық
қызмет пен көрсеткіштерге шолу**



2023



«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС ӨНДІРІС БӨЛІМІНІҢ БАС МЕНЕДЖЕРІНІҢ ЖОЛДАУЫ.....	5
1. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ТШО-НЫҢ ӨНДІРІСТІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛШЕГІ.....	8
2. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫ БАСҚАРУ.....	10
3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ	13
4. СУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ	16
5. ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ.....	18
6. БҮЛІНГЕН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ	20
7. БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ САҚТАУ	21
8. ОҚЫТУ ЖӘНЕ ХАБАРДАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ	22
9. ҚОСЫМША ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАР.....	24



2023 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



43%

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА
ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАЙТА
ӨНДЕУ КӨРСЕТКІШІ



96%

2000 ЖЫЛДАН
БЕРІ ГАЗДЫ
АЛАУДА ЖАҒУДЫҢ
АЗАЙҒАНЫ



45%

ТШО НЫСАНДАРЫНДА
СУДЫ ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ
КӨРСЕТКІШІ

76%



2000 ЖЫЛДАН БЕРІ ШЫҒАРЫНДЫЛАР
ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУІ



Каспий теңізінің солтүстік-
шығыс бөлігінің жағалау
аймағында жиналған
қоқыс:

>3 тонна

тасталған балық
аулайтын торлар



8 тонна

теңіз қоқысы




Теңіз кен орнының

1616 гектар

жері қалпына келтірілді

1,1 тонна

пластик бөтелкелер



«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС ӨНДІРІС БӨЛІМІНІҢ БАС МЕНЕДЖЕРІ СТИВЕН КОННЕРДІҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті оқырман!

1993 жылы құрылғаннан бастап бүгінгі күнге дейін «Тенгизшевройл» ЖШС (ТШО) Қазақстанның мұнай-газ саласының көшбасшысы, көмірсутек шикізатын өндіретін әлемдік ірі өндіруші болып табылады.

Біздің Компания экологиялық тұрғыдан барынша таза қызмет етіп, инновациялық технологияларды енгізе отырып, экологиялық көрсеткіштерді ұдайы жақсартып отырып және болашақ ұрпақ үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтай отырып, Қазақстанның экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады. ТШО қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық, мемлекеттік және корпоративтік құжаттарда көзделген барлық міндетті талаптарды мүлтіксіз орындайды. Оған қоса, ондаған жылдар бойынша компания табиғатты қорғау жөніндегі ерікті бастамаларын жүзеге асырып келеді.

2023 жылы біздің ТШО қайтадан компанияның құндылықтарына сәйкес келетін жоғары нәтижелерді көрсетті. Қазақстан Үкіметінің қолдауынсыз, акционерлеріміздің сенімсіз, сонымен қатар Компания қызметкерлерінің таланты мен адал еңбегінсіз мұндай жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес еді. Осылайша, 2000 жылмен салыстырғанда шығарындылардың қарқындылығы мен алауда жағылған газдың көлемі бойынша рекордтық төмен көрсеткіштерге қол жеткізілді. ТШО қызметінің экологиялық көрсеткіштерін үнемі жақсартып отырады, және біздің 2023 жылғы жұмысымыздың нәтижелері осы брошюрада сандармен және фактілермен айқын көрсетілген.

Басталған 2024 жыл тек ТШО үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін де ерекше жыл. Біздің алдымызда бір мезгілде екі интеграцияланған жобаны іске асыру міндеті тұр: бұл – Келешек кеңею жобасының (ККЖ) бөлігі болып табылатын Үшінші буын зауытын іске


қосу және де Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ҰЕҚБЖ). Осындай маңызды және күрделі жобаларды іске асыру үшін, 2024 жылы жүзеге асырылатын іс-шаралар жаңа күрделі шарттарға, сонымен ТШО энергетикалық сенімділікті қамтамасыз ете отырып және де өзіне алған міндеттемелерді орындауды жалғастыра отырып тұрақты қызмет істеу үшін, осы күрделі шарттары өзі шешіп, өзі еңсереді.

Компания өз қызметінде қауіпсіздікті, сенімділік пен экологиялық жауапкершілікті әрқашан бірінші орынға қояды. Сондықтан ТШО қоршаған ортаны қорғауға ерекше назар аударуды алға тарта тұра, эмиссиялар мен парниктік газдар шығарындыларын азайтудың, су ресурстарын пайдалануды барынша азайтудың, жер мен оның қойнауын қорғаудың, қалдықтармен ұқыпты жұмыс істеудің және тұтастай алғанда қоршаған орта туралы хабардарлықты арттырудың тиімді әдістерін іздестіруді жалғастырады.

Біз компаниямыздың қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бастамаларға белсенді қатысатынын мақтан тұтамыз және де бұны жауапкершілік қана емес, Қазақстан Республикасының болашағына оң үлесімізді қосу деп есептейміз.


«Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) – 1993 жылдан бастап Атырау облысындағы Теңіз және Королев кен орындарында мұнай мен ілеспе өнімдерді игеру, өндіру және оларды сату жұмыстарын жүргізетін кәсіпорын.





1.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ТШО-НЫҢ ӨНДІРІСТІ ОҒТАЙЛАНДЫРУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛШЕГІ




Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау – «Теңізшевройл» ЖШС-інің негізгі құндылықтарының бірі болып табылады

Өндірісті оңтайландыруды басқару жүйесі Компанияның «ТШО-ның сара жолы» атты құжатында айқындалған құндылықтарды іске асыруға көмектеседі. ТШО әлемдік мұнай-газ саласында қызметкерлерінің кәсіпқойлылығы, серіктестік қатынастар және өндірістік көрсеткіштерімен құрметке ие ең қауіпсіз, барынша тиімді және табысты кәсіпорын болуға ұмтылады.

Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі, өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау ТШО үшін өте маңызды. Компания салдары ауыр оқиғалардың алдын алуға баса назар аудара отырып, жарақатсыз-апатсыз өндірістік қызметке ұмтылады.

ТШО өндіріс жұмысының тоқтап қалып, адамдарға және/немесе қоршаған ортаға елеулі зиян келтіруін болдырмау үшін, сенімді қорғаныс шаралары мен бақылау құралдарының дайын болуын қамтамасыз етуге ерекше мән береді.



1-сурет. «Өндірісті оңтайландыруды басқару жүйесі»



ӨНДІРІСТІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ КОМПАНИЯҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ КЕЛЕСІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮКТЕЙДІ:

- 1.** Ауыр жарақаттар мен ауруларды, сондай-ақ өлім оқиғаларын болдырмау;
- 2.** Аса қауіпті салдары болатын оқиғалардың алдын алу және саладағы ең жақсы сенімділік көрсеткіштерін ұстану;
- 3.** Қоршаған ортаға төнетін қауіп-қатерді бағалау және қауіп-қатерлерді басқару мен бақылауды қамтамасыз ету;
- 4.** Энергия және басқа да ресурстарды тиімді пайдалану;
- 5.** Қауіпсіздік пен киберқауіпсіздіктің бұзылу жағдайларының алдын алу;
- 6.** Мүдделі тараптармен тиімді қарым-қатынас жасау.

Өндірісті оңтайландыру жүйесін енгізу, қолдау және үнемі жақсарту жауапкершілігі құрамына департаменттердің бірінші басшылары кіретін және ТШО Бас директорының төрағалығымен жұмыс атқаратын Өндірісті оңтайландыру жөніндегі Басқарушы топқа (ӨОЖБТ) жүктелген. Өндірісті оңтайландырудың мақсаттары мен міндеттері алты негізгі бағыт бойынша белгіленеді, солардың бірі – Қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғауды басқару – бұл табиғи ресурстарды қорғауға, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға және тұрақты дамуға ықпал ететін кешенді тәсіл. Осы процесті іске асыру мақсатында ТШО-да Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі арнайы кеңес құрылды, оның құрамына компанияның негізгі басшылары кіреді.

Кеңестің мақсаты – Компанияның экологиялық өнімділігі мен тұрақты дамуын жақсартуға бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу және іске асыру.

Кеңес тұрақты түрде жиналыстар өткізіп тұрады. Онда экологиялық саясат пен Компания қызметіне қатысты мәселелер талқыланады, «ТШО-ның сара жолында» көрсетілген құндылықтарға сәйкес стратегиялық шешімдер қабылданады.

2.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫ БАСҚАРУ



«Теңізшевройл» өзінің өндірістік қызметінде «ТШО-ның сара жолында» мәлімделген құндылықтарды әрдайым ұстануға және оларға қол жеткізуге ұмтылады: «Біз өз қызметімізді әлеуметтік салада және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде жауапкершілік қағидатын ұстана отырып, сондай-ақ заңдарды сақтап және өзіміз жұмыс істейтін қоғамға пайда келтіре отырып жүргіземіз»

ТШО технологияларды жетілдіру және қоршаған ортаға әсер ету деңгейін жоспарлы түрде төмендете отырып, кәсіпорынның қуатын барынша арттыру арқылы қарқынды түрде жұмыс жүргізуде.

Атмосфераға ауа шығарындыларыназайту

2023 жыл айрықша және бірегей болды, өйткені компания 2000 жылдан бері ауа шығарындылар қарқындылығы мен газды алауда жағу көлемі бойынша рекордтық төмен көрсеткіштерге қол жеткізді.

Бұл елеулі жетістікке өндірістік жабдықтың қауіпсіз жұмыс істеуіне жауапты компания қызметкерлерінің экологиялық мәдениетін үнемі арттыру, сондай-ақ жабдықтардың пайдалану сенімділігін арттыру және атмосфералық ауаға шығарындылар көлемін азайту мақсатында жүзеге асырылған бірқатар іс-шаралар ықпал етті.

Мысалы, 2023 жылы КТЖ зауытында күрделі жөндеу кезінде жабдықтар мен жүйелерді тексеру, жабдықтарды, құбырларды, электр жабдықтарын, БӨАЖҚ жабдықтарын және процестерді басқару

жүйелерін ауыстыру мен жетілдіру, ескірген клапан түрлерін жаңаларына ауыстыру жұмыстары жүргізілді, соның ішінде:

— Мұнайды тұрақтандыру қондырғысында сорғы жабдығы жаңартылды, бұл шикі газды алауда еріксіз жағуды қамтитын тұрақты үрлеуді барынша азайтуға мүмкіндік берді.

— Кәдеге жаратылатын күкіртсіз газды қаныққан аминнің сепарациялық жинағынан қышқыл суды тазарту қондырғысына қайта бағыттау. Нәтижесінде пайдаланылған газ коллекторындағы қысымды төмендетті.

— Байпас клапанын ауыстыру, бұл күкірт алу қондырғысының түтін құбырына күкірт диоксиді шығарындыларының азаюына және ағып кету қауіпін болдырмауға ықпал етті.

— Үш шикі газ компрессоры мен қозғалтқышты жаңа, тиімдірек компрессорларға ауыстыру.

Осы іс-шаралардың барлығы жабдықтың жоспардан тыс тоқтауын азайтуға және газды алауда жағу мен атмосфераға шығарындылардың азаюына ықпал етті.

Сонымен қатар атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту мақсатында 2023 жылы ТШО мынадай ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды өткізді:

- Жоспарлы жөндеу кезінде жабдықты тоқтату/іске қосу рәсімдерін қайта қарау, бұл жабдықтың жұмысын оңтайландыруға ықпал етеді және газды алауда жағу уақытының төмендеуіне, сәйкесінше ауа шығарындылар көлемінің төмендеуіне әкеледі.
- Өндірістік процестеріне қайтарым көлемін ұлғайту мақсатында кондициялық емес өнімдерді кәдеге жарату рәсімін қайта қарау;
- Өндірістік параметрлерден асып кеткен кезде байпас уақытын азайту бойынша шаралар қабылдау, нәтижесінде – ауа шығарындылардың көлемінің төмендеуі.
- Жабдықтарды пайдалану мен техникалық қызмет көрсетудің әртүрлі процестерінде пайдаланылатын отын газын, ластаушы заттар шығарындыларын және парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін Кеніш, Мұнай сақтау паркі, СМГ тауар паркі сияқты нысандарында азотқа кезең-кезеңімен ауыстыру.
- ТШО-ның өндірістік нысандарындағы жабдықтарды (қозғалтқыштарды, сорғыларды және басқаларын) неғұрлым энергия тиімдірек, яғни

электр энергиясын аз тұтынатын жабдықтарға ауыстыру жобаларын әзірлеу, нәтижесінде бұл парниктік газдар шығарындыларының төмендеуіне нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2000 жылдан бері ТШО газды алауда жағудың нақты көлемі 96% дейін қысқартты. Бұл көрсеткішке жабдықтың сенімділігін арттыру жұмыстарын жүргізу, жабдықтың жұмысын оңтайландыру бойынша уақтылы шаралар қабылдаудың арқасында қол жеткізілді, осының бәрі өндіріске нұқсан келтірмей, газды жағу көлемінің айтарлықтай төмендеуіне әкелді.


Жиырма жыл бойы Компания қоршаған ортаны қорғау шараларына және тиімді басқару жүйелерін енгізуге үздіксіз инвестиция салу арқылы ТШО-ның атмосфераға ауа шығарындылар көлемінің өндірілген мұнайдың тоннасына шаққанда 76%-ға төмендеуге мүмкіндік берді.

2023 жылы ТШО өндірілген шикі мұнайдың 2,03 кг/тонна деңгейімен өз тарихындағы атмосфераға ауа шығарындылар қарқындылығының ең төменгі деңгейіне қол жеткізді.

Осылайша, ТШО жеткен жетістіктерімен тоқтап қалмай, әрі қарай технологиялық процестердегі пайдалану жағдайын жақсартуға және жабдықтардың сенімділігін арттыруға бағытталған.

Бұл көрсеткіштер төмендегі бағанда көрсетілген.

2000 жылдан бері атмосфераға ауа шығарындыларының қарқындылығының ең төменгі көрсеткіші





ККЖ/ҰЕКБЖ жобаларын ойдағыдай жүзеге асыру және олардың нысандарын іске қосу ТШО-ның қолданыстағы өндірістік нысандарының барлық технологиялық процестерін қайта құруға және жаңа жүйелерді пайдалануға қабылдауға елеулі техникалық дайындығын талап етеді. Бұл сөзсіз қоршаған ортаға қосымша шығарындылар бөлүмен қатар жүретін болады.

2024 жылы шығарындылардың күтіліп отырған ұлғаюы ең алдымен іске қосу-баптау жұмыстарын қауіпсіз жүргізу және одан әрі үздіксіз пайдалану үшін жаңа ККЖ/ҰЕКБЖ нысандарында газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу үлесінің ұлғаюымен байланысты. ТШО жобаларды қауіпсіз іске қосу және қоршаған ортаға барынша аз әсер етуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.

Парниктік газ шығарындыларын басқару

ТШО Қазақстан Республикасының көміртегі бейтаптығына қол жеткізу және «жасыл экономикаға»

көшу жөніндегі барлық ұмтылысы мен бастамаларын қолдайды. Парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатында ТШО әртүрлі іс-шаралар мен жобаларды іске асыруда.

Олардың бірі – шикі мұнай сақтау паркі нысанындағы резервуарлардағы табиғи газдан жасалған жастықшаны азотпен алмастыру. Жоба шеңберінде азот өндіру қондырғысы және «газ жастықшасының» қорғаныш қабаты ретінде пайдаланылатын табиғи газдың орнына резервуарларға азот берудің жаңа құбырларының құрылысы жүргізілуде. Бұл жоба мұнай сақтау паркіндегі метан шығарындыларын нөлге дейін төмендетуге көмектеседі.

ТШО өндірістік жабдықтардың пайдалану сенімділігін сақтай отыра және Қазақстан Республикасы алдындағы міндеттемелерін орындай отырып, өз қызметі барысында парниктік газдар шығарындыларын экономикалық тұрғыдан тиімді қысқарту үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестіруді жалғастыратын болады.

3.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ



ТШО-дағы экологиялық мониторинг – бұл қоршаған ортаның жай-күйін бақылаудың кешенді жүйесі

Табиғи ортаның сапасын өндірістік бақылау жүйесін заманауи талдамалық жабдықтары мен бағдарламалық-өлшеу кешендері бар аккредиттелген экологиялық бақылау зертханалары іске асырады. Атмосфералық ауаның кешенді мониторингiнен басқа, ТШО өз қызметiнiң аумақтарында жерасты және сарқын сулардың, топырақтың экологиялық мониторингiн жүргiзiп отырады.

Орындалатын мониторинг шеңберiнде сынамалар алынып, олардың шектi рұқсат етiлген және фонддық концентрациялардың белгiленген мiндерiне сәйкестiгi талданады.



Атмосфералық ауа мониторингі

Атмосфералық ауа мониторингі өнеркәсіптік экологиялық бақылау бағдарламасының негізгі бөлігінің бірі болып табылады. Мониторинг атмосфералық ауаны жедел бақылау және қажет болған жағдайда жедел әрекет ету үшін пайдаланылады.

ТШО өзінің қызмет ету аумағында және санитарлық қорғау аймағында (СҚА), сондай-ақ қызметкерлер тұратын жерлерде және ең жақын орналасқан елді мекендердің бірі – Жылыой ауданының Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауа мониторингінің бірнеше түрін жүзеге асырады.

Алау қондырғысы астындағы мониторинг. ТШО-ның өндірістік нысандарындағы шығарындылар көздерінің ықтимал әсерін бағалау үшін алау астында бақылау жүргізіледі. Мониторинг бағдарламасына сай, жұмыс істеп тұрған алау қондырғыларының қасында келесі бақылау бекеттері белгіленді:

1. жел жақ беткейден батыстан басқа барлық бағыттарда 16 км қашықтықтағы 1 бекет (батыста – жолдың қолжетімділігіне байланысты 8-10 км);
2. ық жақ беткейде сәйкесінше 0,5 км, 1 км, 2 км, 3 км, 4 км, 6 км, 8 км, 10 км, 15 км қашықтықта 9 бекет.

СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа мониторингі. ДТШО атмосфералық ауаның ластану деңгейін бағалау үшін және атмосфералық ауа сапасының белгіленген нормативтерін сақтау мақсатында СҚА шекарасында 11 маршруттық бекет орнатты. Тұрақты негізде мынадай ингредиенттер бойынша бақылау жүргізіледі: азот қостотығы (NO_2), күкірт қостотығы (SO_2), көміртегі тотығы (CO), күкіртсутек (H_2S), көмірсутектер (CH_4), қарапайым күкірт (S). 2023 жылғы

СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаның сапасын бақылау нәтижелеріне талдау рұқсат етілген шекті көрсеткіштерден аспайтынын көрсетті.

Ауа шығарындылар көздеріндегі мониторинг ауа шығарындылардың белгіленген лимиттерінің сақталуын бақылау мақсатында арнайы жабдықталған сынама алу нүктелерінде жүргізіледі. Сертификатталған газталдағыштармен өлшеу жүргізген кезде көміртегі тотығының (CO), күкірт қостотығының (SO₂), азот қостотығының (NO_x) нақты концентрацияларынан басқа, шығарындылар көлемін анықтау үшін, газ-ауа қоспасының ағымдағы параметрлері (температура, жылдамдық, көлем) тіркеледі.

Қызметкерлер тұратын жерлерде және Жаңа Қаратон кентінде атмосфералық ауа сапасын бақылау. ТШО-ның вахталық қалашығында күн сайын күніне 4 рет және Жаңа Қаратон кентінде апта сайын ауа сына-малары алынады. Бүгінгі таңда мониторинг нәтиже-лері бойынша аталмыш елді мекендерде ауа сапасына әсер ету кезінде нормативтік көрсеткіштердің асып кетуі анықталмады.

ТШО-ның әсерін бақылау аумағының шекарасындағы қоршаған ортаны бақылау станциялары (ҚОБС). ТШО-да атмосфералық ауа сапасының көрсеткіштерін бақылау үшін стратегиялық тұрғыдан санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында орналасқан төрт қоршаған ортаны бақылау станци-ядан (ҚОБС) құралған желілері бар. Бұл станциялар американдық «Thermo Environmental Instruments» компаниясының ультра заманауи талдағыштармен жабдықталған және ауадағы ластаушы заттардың, соның ішінде күкіртсутектің (H₂S), көміртегі тотығының (CO), азот қостотығының (NO₂), метанның (CH₄), күкірт қостотығының (SO₂) мөлшерін, сондай-ақ метеороло-гиялық параметрлерді тәулік бойы автоматты өлшеуді қамтамасыз етеді. Олардың ТШО-ның әсерін бақылау аумағының шекарасында орналасуы СҚА-да гиги-еналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы төрт ҚОБС-тан алынған деректер әрбір 30 минут сайын нақты уақыт режимінде «Қазгидромет» РМК-ға жіберіледі және AirKz мобильді қолданбасы мен «Қаз-гидромет»-тің интерактивті картасында жұртшылық үшін ашық қолжетімділікте жарияланады. Деректерді осылай үздіксіз табыстау арқылы ТШО-ның өндірістік аймағының СҚА шекарасындағы ауаның жай-күйі туралы ең өзекті деректерге ашық және кедергісіз қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

ТШО-ның өндірістік қызметі аумағындағы қоршаған ортаны бақылау станциялары (ҚОБС): Шекарада орналасқан станциялардан басқа, ТШО-ның өндірістік қызметі аумағында сегіз ҚОБС жұмыс істейді. Осындай үздіксіз бақылау арқылы өндірістік нысандарымыздың қауіпсіз жұмысы және қызметкерлеріміздің қауіпсізді-гі қамтамасыз етіледі.

Жерасты суларының мониторингі



Жерасты суларының сынамалары Теңіз және Королев кен орындарындағы өнеркәсіптік нысандардың қасында орналасқан 136 бақылау ұңғымасынан, сондай-ақ өндірістік нысандардан қашықтықта орнатылған 11 фондық ұңғымадан алынады.

Топырақ мониторингі



Қолданыстағы Өнеркәсіптік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес ТШО-ның өндірістік нысандарының аумағындағы топырақтың жай-күйін бақылауды



қамтамасыз ету үшін, фондық алаңдарды қоса алғанда, 63 сынама алу нүктелері бар. Құрамында ауыр металдардың, мұнай көмірсутектерінің, рН, күкірт қосылыстарының және басқа компоненттердің болуын анықтау мақсатында топырақ сынамаларын талдау ҚР заңнамасына сәйкес аккредиттелген зертханаларда бекітілген әдістемелер бойынша жүргізіледі.


Сарқын сулардың мониторингі



ТШО белгіленген төгінділер лимиттеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін, жүйелі түрде сарқын суларға мониторинг жүргізеді. Сарқын сулар буландырғыш тоғандарға және айдау ұңғымаларына жіберілу алдында тазарту қондырғыларында бақыланады. Сынамалар алу мерзімділігі бекітілген бағдарламаға және аналитикалық бақылау кестелеріне сәйкес келеді.

Барлық экологиялық мониторинг экологиялық талаптарға сәйкес және мониторинг деректері бақылаушы органға ұсынылатын ТШО-ның Өнеркәсіптік экологиялық бақылау бағдарламасының есептеріне енгізіледі.

Өндірістік нысандардың шығарынды көздеріндегі шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі (МАЖ)



ТШО ҚР-ның өндірістік нысандардың шығарындылары көздерінде эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған (МАЖ) жүйесін енгізу жөніндегі бастамасын белсенді түрде қолдайды.

МАЖ жобасы шеңберінде МАЖ ережелерінің талаптарына сәйкес стационарлық көздерде инженерлік жобалау аяқталды.


Бүгінгі күні өндірістік нысандарды жоспарлы тоқтату шеңберінде келте құбырлар мен бақылау-өлшеу аспаптарын орнату бойынша дайындық құрылыс-монтаждау жұмыстары, сонымен қатар талдау жүйелерін жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Деректерді интеграциялау және ҚР уәкілетті органдарына нақты уақыт режимінде табыстау үшін, портал әзірлеу бойынша техникалық жұмыстар жалғасуда.

ККЖ/ҰЕКБЖ шеңберінде Үшінші буын зауытының бес газтурбиналық станциясында талдау жүйелерін орнату бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды, оған қосымша келте құбырларды, жабдықты қоректендіру және бақылау кабельдерін орнату, сымсыз байланыс жүйесін монтаждау, барлық құрамдас жабдықтары бар талдағыш шкафтарын орнату кіреді. Жоспарға сәйкес іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

ТШО нысандарында жұмыстардың уақытылы аяқталуы және МАЖ-дың толық енгізілуі күрделі техникалық шешімдерге, қажетті жабдықтардың уақытылы жеткізілуіне және өндіріс пен қызметкерлердің қауіпсіздігіне байланысты қауіп-қатерлерді азайту үшін технологиялық қондырғылардың жоспардан тыс тоқтауларының келісілуіне байланысты.


ТШО 2022–2024 жылдарға арналған ТШО-ның өндірістік нысандарының ауа шығарындылары көздерінде МАЖ-ды енгізу жөніндегі Жол картасын әзірлеп, оған Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық комитетінің келісуін алды.

Қазіргі уақытта Жол картасы аясындағы барлық жұмыстар белгіленген кестеге сәйкес жалғасуда.



4.

СУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ



Су – жер бетіндегі ең құнды ресурстардың бірі. ТШО-да суды тиімді пайдалану – ресурстарды үнемдеу және табиғатты қорғау мақсатында су тұтынуды азайту мен сарқын суларды өңдеу тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешені



ТШО магистралды су құбырынан (МСҚ) келетін суды тұтынуды азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараларды іске асыруда.

Тұщы суды үнемдеу және ағызылатын сарқын сулардың көлемін қысқарту мақсатында жұмыс істеп тұрған нысандарда жабық айналымды сумен жабдықтаудың және суды қайта пайдаланудың жергілікті жүйелері көзделген. Сонымен қатар су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған қосымша ұйымдастыру шаралары жүргізіледі.

Су ресурстарын қайта пайдалану

Теңізде тазартылған тұрмыстық сулар сарқын суларды тазарту құрылғысынан суды қайта пайдалану құрылғысына түседі. Онда кері осмос жолымен техникалық судың сапа стандарттарына дейін қосымша тазартудан өтіп, зауыттағы қондырғылардың өндірістік қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар технологиялық процесстен алынған сулар өндірістік қажеттіліктерге қайта пайдаланылады.

ККЖ/ҰЕҚБ жобаларын іске асыру шеңберінде нысандарды салу кезінде судың төмендеуінен және құбырлардың, ыдыстардың, аппараттар мен резервуарлардың суын гидросынау нәтижесінде пайдаланылатын ластанбаған суларды қайта пайдалану жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, жылдың жылы мезгілінде а су тазарту құрылғыларында сүзгілерді кері ағыспен жуғаннан кейінгі су тұндырылғаннан кейін вахталық қалашықтардағы жасыл желектерді суаруға қайта пайдаланылады.

**ТШО нысандарында суды қайта пайдалану көрсеткіші
2023 жылы**

45%
құрады



2024 жылы жаңа нысандар іске қосылады деп күтілуде. Жаңа нысандарды іске қосумен қатарларсып орындалатын резервуарларды гидрсынау, технологиялық қондырғыларды, бу генераторларын, газ турбиналарын, қазандықтарды іске қосу және пайдалану, өрт жүйесі мен резервуарларды толтыру және оларды тексеру бойынша жұмыстар болжам бойынша жерасты горизонттарына айдауға жіберілетін сарқынды сулардың көлемінің ұлғаюына әкеледі. Осы көлемдердің жер асты қабатына айдалуының орындалуы үшін «Сарқын суларды айдау жүйесінің жер үсті жабдықтарын жаңғырту» жобасы іске асырылуда.


Су ресурстарын үнемдеу бойынша ұйымдастыру шаралары

ТШО өз қызметкерлері мен мердігер компаниялар арасында суды үнемдеу және тиімді пайдалану мәдениетін арттыру науқандарын үнемі өткізіп тұрады. Атап айтқанда, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі, бюллетеньдер, ақпараттық парақтар таратылады, су ресурстарын үнемдеу және су тұтынуды есепке алу жүйесін жақсарту үшін, суды аз шығындайтын жабдықтар мен есепке алу аспаптары орнатылады.

Су тұтынуды есепке алу жүйесін жақсартудың сәтті мысалдарының бірі Теңіз вахталық қалашығында су тұтынуға қашықтықтан мониторинг жүргізу жүйесін енгізу, сонымен қатар тарату құбырындағы модификациялық жұмыстар нәтижесінде су тұтынудың ысырабын азайту болып табылады.

5.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ



Қалдықтармен жұмыс істеудің жалпы қабылданған экологиялық технологияларын қолдануға негізделген ТШО нысандарында өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жүйесі ҚР заңнамасының талаптарына және «Шеврон» стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады

ТШО өз қызметінде қалдықтардың пайда болуын барынша азайту және қайта өңдеу көлемдерін ұлғайту, сонымен қатар қайта пайдалану идеяларын ілгерілетіп отырып, қалдықтарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етуге ұмтылады.

2023 жылы Компанияның өндірістік қызметі мен ілесімі инфрақұрылым нәтижесінде әртүрлі қалдықтардың 56 түрі пайда болды, олардың 41 түрін ТШО мен үшінші тарап ұйымдары қайта өңдеп, кәдеге жаратты.

Осындай жұмыстың арқасында 2023 жылы қалдықтарды қайта пайдалану және қайта өңдеу көрсеткіші 43 %-ды құрады.

Бұдан басқа, ТШО қалдықтарды басқару жүйесін жолға қою және қалдықтарды қайта өңдеу/қайта


43%

2023 жылы қайта пайдалану және қайта өңдеу деңгейі

пайдалану бойынша баламаларды үнемі іздестіру, сонымен қатар қайнар көздерде қалдықтардың пайда болу көлемін азайту бойынша көптеген жылдар бойы орындалып келе жатқан жұмыстардың арқасында қалдықтарды көму көлемін біртіндеп азайтып отыр.

Төмендегі диаграммада соңғы бес жыл ішінде көмілген қалдықтардың көлемімен салыстырғанда қалдықтардың пайда болу көлемі көрсетілген.

Пайда болған қалдықтардың көлемімен салыстырғанда қалдықтарды көму көлемі, тонна



Қалдықтардың «екінші өмірі»

Теңіз кен орнында материалдарды орынды тұтыну және қайта пайдалану қағидалары белсенді түрде қолданылуда. Материалдардың тіршілік циклін ұлғайту мақсатында ТШО қалдықтарға екінші қызмет мерзімін беретін әртүрлі іс-шараларды жүзеге асырады.

Қалдық майлар

Ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес ТШО-ның өндірістік қызметінің нәтижесінде пайда болған қалдық майлар түрлері бойынша бөлек жиналады. Жинақталған жеке-жеке пайдаланылған майлар қалпына келтірілу/регенерациялану үшін мамандандырылған кәсіпорынға жіберіледі.

Тамақ қалдықтары

ҚР заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ полигондарда қоқыс газының көлемдерінің түзілуін азайту мақсатында ТШО өз нысандарында тамақ қалдықтарын бөлек жинау әдісін енгізді. Бөлек жинақталған тамақ қалдықтары мердігерлік ұйымға қайта өңдеуге беріледі, нәтижесінде тыңайтқыштар мен техникалық су өндіріледі. Су мердігерлік компанияның аумағында өз қажеттіліктері үшін пайдаланылады, ал тыңайтқыштар топырақтың құнарлылығын арттыру үшін сұраныс бойынша жергілікті шаруа қожалықтарына беріледі.

Пайдаланылған аккумулятор батареялары (АКБ)

Пайдаланылған АКБ-лар да бөлек жиналады, содан кейін мердігерлік ұйым арқылы электролитті бейтараптандыру, қорғасынды алу және корпустарды ұсақтау жұмыстарын жүргізетін Қазақстандық толық циклді кәсіпорынға беріледі. Алынған қорғасын балқытуға және жаңа тақтайшаларды шығаруға бағытталады, ал корпустың пластмассасы екінші материал ретінде қолданылады.

Мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтары

Қазіргі уақытта компанияда мұнай негізіндегі бұрғылау қалдықтарын айыру тәсілі сәтті түрде іске асырылуда. Қалпына келтірілген май негізі бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін қайта пайдаланылады, ал бөлінген су ұңғымаларды бұрғылау кезінде қолданылады, қалған қатты қалдық биоремедиацияға беріледі.

Полихлорланған дифенилдер (ПХД)

2022 жылы ТШО қауіпсіздік шараларын сақтай отырып және ҚР нормативтік талаптарына сәйкес құрамында ПХД бар қалдықтарды мердігердің қоймасына уақытша сақтауға қауіпсіз түрде бере алды. Әрі қарай мердігер ұйым қалдықтарды жою үшін Бельгияға тасымалдады.




2023 жылдың қаңтарында ТШО Бельгиядағы зауытта осы қалдықтардың жойылғанын растайтыны туралы барлық құжаттарды алды.

Осы бастаманы іске асырғаннан кейін, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі ҚР заңнамасының талаптарының орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар ТШО-ны құрамында ПХД бар қалдықтарды қауіпсіз түрде жоюға қол жеткізген елдегі алғашқы компаниялардың біріне айналдырып, компанияның қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне бейімділігін тағы да растады.

6.

БҮЛІНГЕН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ



Жерді қалпына келтіру – бұл бүлінген жерлерді, оның ішінде бүлінген жерлердің теріс әсерінен өз құнын толығымен немесе ішінара жоғалтқан іргелес жатқан жер учаскелерін белгілі бір мақсатта пайдалану үшін қалпына келтіруге, сонымен қатар қоршаған орта жағдайларын жақсартуға бағытталған жұмыстар кешені

Кен орындарын жайластыру, құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде топырақ жамылғысының тұтастығы бұзылады, қалдықтардың стихиялық үйінділері пайда болады, топырақ үйінділері жиналады, карьерлер игеріледі.

Антропогендік жүктеменің теріс салдарын азайту үшін, ҚР заңнамасына сәйкес шаруашылық қызметтің бастамашысы қоршаған ортаны қорғау, ландшафтты сауықтыру және жер ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруы тиіс. Осы шаралардың бірі – бүлінген және ластанған жерлерді қайта қалпына келтіру.

2023 жылы Кеніштегі ластанған жерлерді қалпына келтіру жобасы аясында жерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы ауданы 1,4 га үш жер учаскесі қалпына келтірілді.

Негізгі өндірістің жерлерін және Келешек кеңею жобасын (ККЖ) салу барысында бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобаларын іске асыру шеңберінде қалпына келтірілген жерлердің жалпы ауданы:

724 га

Негізгі өндіріс

891 га

Келешек кеңею жобасы
(ККЖ)

Осылайша, ТШО экологиялық заңнаманың талаптарын орындады, бұл да Теңіз кен орнының қоршаған ортасының көрсеткіштерін жақсартты.

Қалпына келтірілгенгедейінгі сурет



Қалпына келтірілгеннен кейінгі сурет

7.

БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ САҚТАУ



Биоалуантүрлілікті қорғау және сақтау – ТШО-ның бизнесті жауапкершілікпен жүргізуінің ажырамас бөлігі

Мұнай, газ және ілеспе өнімдерді өндіру бойынша Қазақстандағы жетекші кәсіпорын бола отырып, ТШО өз қызметін жүзеге асыратын өңірдің биоалуантүрлілігін сақтауға зор үлес қосады.

Әлеуетті қауіп-қатерлерді анықтау және табиғи экожүйелерге тигізілетін әсердің алдын алу шараларын уақтылы қабылдау мақсатында Теңіз аумағындағы биоалуантүрліліктің жай-күйі зерделеніп, бақыланады.

2023 жылы ТШО құстардың көбеюі кезеңінде ұяларды қорғау бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырды. Бағдарламаның мақсаты – құстың ұяларын қорғау және аса маңызды жабдықта немесе нысандарда ұя табылған жағдайда іске қосу-жөндеу жұмыстарының кешігу қаупін азайту. Компания нысандарында белсенді ұялар табылған жағдайда балапандардың аман-есен қанаттану сәтіне дейін түрлі қорғау шаралары қолданылады.

Жойылу қаупі төнген құстарды қорғау

ККЖ-ны іске асыру шеңберінде 2023 жылы ТШО тарғақ құстарының ұя салу белсенділігін арттыруға бағытталған табиғатты қорғау жобасын қаржыландыра бастады.

Тек қана Орталық Қазақстанның даласында ұя салатын құстардың бұл түрі жойылып кету алдында тұр,

ол Халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл тізіміне және ҚР Қызыл кітабына енгізілген.

Табиғатты қорғау жобасының міндеттерінің бірі – тарғақ құстардың көшіп-қонуын спутниктік бақылау. Заманауи спутниктік таратқыштардың көмегімен құстардың ұя салатын және қыстайтын жаңа орындары, бұрын белгісіз миграция бағдарлары анықталды. Алынған мәліметтер орнитолог мамандарға көші-қон процестерінің заңдылықтарын және осы түрдің тіршілік ету ортасына қойылатын талаптарды жақсы түсіну үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл жобаның нәтижелері Қазақстанда және шетелде құстардың осы түрін қорғау жөніндегі жоспарға енгізілетін болады.



8.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ХАБАРДАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ



Кәсіпорында экологиялық аспектілерді сәтті басқарудың қажетті шарты қоршаған ортаны қорғау және оны қалыптастыру мәдениеті бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттыру процесі болып табылады

Экологиялық заңнамадағы және әлемдік тәжірибелердегі өзгерістер үрдісінде болу үшін, ТШО қызметкерлері жыл сайын ел ішінде де, одан тыс жерлерде де экология бойынша әртүрлі бағыттарда практикадан өтіп, білімдерін жетілдіреді.

Үздіксіз жетілдіру

2023 жылы ТШО қызметкерлері Алматы мен Астананың мамандандырылған тренинг-орталықтарында келесі тақырыптар бойынша білімдерін жетілдірді:

- 2023 жылғы Экологиялық кодекстің жаңалықтары;
- Экологиялық кодекстің талаптарын ескере отырып, кәсіпорындарға қойылатын құқықтық нормалар;
- Жасыл технологиялар мен автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу;
- Парниктік газдар шығарындылары мен парниктік газдарды сіңіру саласындағы мемлекеттік реттеу;
- Қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жаратудың заманауи технологияларына шолу;
- Экологиялық мәселелерге қатысты басқа да өзекті тақырыптар.

Сонымен қатар, 2023 жылдың маусым айында экология бөлімінің қызметкерлері атмосфералық шығарындылар мен парниктік газдардың корпоративтік есептілігі бойынша халықаралық деңгейдегі корпоративтік тренингке қатысты.

Жылыой ауданы оқушыларының экологиялық хабардарлығын арттыру бағдарламасы

2023 жыл бойы ТШО Жылыой ауданының оқушыларының экологиялық хабардарлығын арттыру бағдарламасын жүзеге асырды, он мектептің 8–11-сынып оқушыларына экология бойынша дәрістер өткізді.

Бағдарламаның мақсаты – экологиялық сананы тәрбиелеуге және болашақ ұрпақтың қоршаған ортаға ұқыпты қарауына жәрдемдесу.

ТШО мамандары оқушыларға Қазақстанның, әсіресе Жылыой ауданының флорасы мен фаунасы туралы ақпарат ұсынды.





Сонымен қатар дәрістер «Атмосфералық ауаны қорғау» тақырыбына арналды. Компания қызметкерлері оқушыларға қызықты және қолжетімді түрде атмосфералық ауаның ластану көздері, мониторинг жүргізу кезінде ауа сапасының жай-күйін бақылау мүмкіндіктері туралы айтып берді; ТШО мысалында таныстырылым слайдтарында атмосфералық ауаны бақылаудың автоматтандырылған станцияларын көрсетті.

Қалдықтардың пайда болуын азайтудың маңыздылығы талқыланды; Теңіз кен орны мысалында оқушыларды қалдықтардың түзілу көлемін азайту, оларды қайта өңдеу және қайта пайдалану үшін бар мүмкіндіктермен таныстырды.

Дәрістерде халықаралық экологиялық бастамалар, суды тазарту және қайта пайдалану, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар да айтылды.

Оқушылар дәрістерге шынайы қызығушылық танытып, пікірталастар пен викториналарға белсенді түрде қатысты. Нәтижесінде, алынған ақпараттан кейін қатысушылар үйде, мектепте немесе сыртта болған кезде қоршаған ортаны қорғауға қалай үлес қоса алатыны туралы ойларымен бөлісті.

Бағдарлама өте жақсы нәтиже көрсетті. ТШО бұл бастаманы одан әрі жалғастыруға ниетті.


Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау қауымдастығының «Тарғақ құсты сақтау жобасы» шеңберінде хабардарлықты арттыру жөніндегі іс-шаралар

«Тарғақ құсты сақтау жобасы» аясында Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау қауымдастығы табиғатты қорғау жөнінде жүргізіліп жатқан іс-шаралары туралы хабардарлықты арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды. Ақмола облысының аумағында сабақтар мен семинарлар, сондай-ақ фестиваль өткізілді, осы іс-шараларда тарғақ құстар туралы, құстардың осы түріне төніп тұрған қауіптер, оны сақтауға бағытталған зерттеулер туралы ақпарат қызықты түрде ұсынылды.



9.

ҚОСЫМША ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ



Орал–Атырау бекіре балық шаруашылығын қолдау

2017 жылдан бері ТШО Орал-Атырау бекіре балық зауытына қолдау көрсету арқылы бекіре тұқымдас балықтарды сақтау бағдарламасын іске асыруды жалғастырып келеді.

Бұл бағдарламаның мақсаты жабайы табиғаттан алынған ересек балықтар санын тұрақты азайту, аналық табынның теңізге оралу санын көбейту, сонымен қатар Жайық өзеніне бекіре балықтарының шабақтарын шығару болып табылады.

ТШО зауытқызметкерлерінің құзыреттілігін арттыру үшін техникалық семинарлар ұйымдастыру, арнайы жасанды тоғандарда оттегін бақылау аэраторларын, сыртқы тереңдету жұмыстарына арналған экскаваторды, жабық сумен жабдықтау бассейндері үшін қысқы және жазғы су салқындатқыштарды сатып алу, сонымен қатар шабақтар мен аналық табынға бекіре балықтарының тағамдық қажеттіліктеріне толық сәйкес келетін жоғары сапалы, аквамәдениет ғылымының соңғы жетістіктері ескеріле отырып, теңдестіріле жасалатын жем беру арқылы қолдау көрсетеді.

2023 жылы ТШО зауытқа 3,5 тонна жем жеткізді, ал соңғы алты жылда барлығы 21,7 тоннадан астам жем жеткізілді.

Нәтижесінде аналық табын мен бекіре шабақтарының салмағы айтарлықтай өсті, бұл осы бағдарламаның сәтті орындалуының маңызды көрсеткіші болып табылады.





Тасталған балық аулау торлары мен теңіз қоқыстарын жинау

2017 жылдан бері ТШО Гидробиология және экология институтымен бірлесіп, солтүстік-шығыс Каспийдің Қазақстандық бөлігінен тасталған балық аулау торлары мен басқа да теңіз қоқыстарын жинау жобасын жүзеге асыруда.


Жоба жойылып кету қаупі төнген биологиялық түрлердің, атап айтқанда, Каспий итбалықтары мен бекіре тұқымдас балықтарды қорғауға және олардың өлімін азайтуға бағытталған.

Экспедиция нәтижесінде 2023 жылдың қыркүйегінде Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында 3 тоннадан астам тасталған балық аулау торлары, сондай-ақ 8 тонна басқа теңіз қалдықтары, соның ішінде 1,1 тонна пластикалық бөтелкелер жиналды. Жалпы алғанда, осы жоба кезеңінде салмағы 26,5 тоннадан асатын 900-ден астам тасталған балық аулау торлары, 19 тонна басқа теңіз қоқыстары алынды, Каспий теңізінің 500 шаршы шақырымынан астамы тазартылды, сонымен қатар 53 тірі бекіре және 15 итбалық

босатылып, теңізге шығарылды. Бұл жобаның нәтижелері әртүрлі ғылыми мақалаларда, сонымен қатар ТШО қолдауымен ұйымдастырылған Каспий теңізінің биологиялық әртүрлілігін қорғау және сақтау бойынша семинарлар кезінде үнемі жарияланады.

Атырау облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Жол картасын қолдау жұмыстары

«Теңізшевройл» ЖШС нысандарына жақын Жылыой ауданының елді мекендерінің атмосфералық ауасының жай-күйін бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу





Атырау облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Жол картасын орындау шеңберінде ТШО Жылыой ауданының елді мекендерінде атмосфералық ауаның жай-күйін бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге міндеттеме алды. Бұл зерттеулерді 2023 жыл бойы Атмосфералық ауаны қорғау республикалық ғылыми-зерттеу орталығы (РФЗО) жүргізді.

Жұмыс көлеміне ТШО мен «Қазгидромет» РМК соңғы 5 жылда жүргізген атмосфералық ауа мониторингі нәтижелерінің тарихи деректерін талдау жүргізу, Құлсары қаласы, Жаңа Қаратон кенті және Қосшағыл ауылы сияқты Жылыой ауданының елді мекендерінің, сондай-ақ ТШО-ның Теңіздегі санитариялық-қорғау аймағының шекарасына жақын жерлерінің

атмосфералық ауасының мониторингі бағдарламасын әзірлеу және атмосфералық ауа сынамаларын алу, оларға зертханалық талдау жасау кірді. Сынамалар жылдың жылы және суық мезгілдерінде тоғыз ластаушы зат бойынша алынды. Зерттеудің барлық кезеңінде жалпы алғанда 3100, оның ішінде Құлсары қаласында – 1026, Қосшағыл кентінде – 700, Жаңа Қаратон кентінде – 692 және ТШО-ның санитарлық қорғау аймағының шекарасында – 682 атмосфералық ауа сынамасы алынып, оларға талдау жасалды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, атмосфераның беткі қабатындағы бақыланатын заттардың деңгейі көп жағдайда белгіленген нормативтік мәндерден аспағанымен қоймай, сонымен қатар қолданылатын өлшеу әдістерін анықтау шегінен төмен болды. Алынған сынамаларды зертханалық талдау нәтижелері Құлсары қаласында бірнеше ластаушы заттар бойынша белгіленген нормативтерден болмашы асып кеткенін көрсетті, басқа сынама алу орындарында атмосфералық ауаның сапасы нормативтерге сәйкес келеді.

«Жалпы, осы зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеліп отырған өңірдегі, әсіресе, ТШО-ның өндірістік нысандары орналасқан аумақта экологиялық жағдай айтарлықтай қолайлы деген қорытынды жасауға болады.» – делінген есепте. Осы зерттеулер бойынша есеп Атырау облысы бойынша экология департаментіне берілді.

ТШО-ның Дүниежүзілік тазалық күнін қолдау жөніндегі бастамалары

ТШО қыркүйек айында әлемнің көптеген елдерінде өткізілетін «Дүниежүзілік тазалық күні» атты экологиялық науқанға жыл сайын қатысады. Оның мақсаты – аймақты қоқыстардан тазарту және тұрақты тазалықты сақтау үшін жалпы жұртшылықтың, мемлекеттік және бизнес-құрылымдардың күш-жігерін біріктіру.

Осы науқанды қолдау және Жайық өзенінің жағалауларын тазарту мақсатында ТШО қызметкерлерінің



басын біріктіру дәстүрге айналған. Былтыр еріктілер 1 тонна қоқыс жинады.

Теңіздің өндірістік нысандарда және тұрғын кенттерде сенбіліктер ұйымдастыруға ТШО компаниясының негізгі өндіріс бөлімінің қызметкерлері, ККЖ және бірқатар бизнес-серіктестер, соның ішінде «Велесстрой» және «Новус Болашақ» компаниялары қосылды. Біртұтас ТШО рухымен қанаттанған 200-ге жуық қызметкердің күш-жігерімен Үшінші буын зауыты мен Шикі газ айдау зауытында, КТЖ, Аспан вахталық қалашығында, сондай-ақ Каспий жолының төрт шақырымдық бөлігі бойында сенбіліктер өткізілді.

Бұл науқандар ТШО мен оның бизнес-серіктестерінің табиғатқа ұқыпты қарауға және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға деген бейілділігін көрсетеді. Мұндай іс-шаралар компания қызметкерлері арасында әрдайым қызу қолдау табады.

Сонымен қатар бұл біз аз ғана күш жұмсай отырып, қалдықтарды сұрыптау, энергияны үнемдеу, полиэтилен пакеттерін пайдалануды азайту және жұмыс пен демалыс орындарында қоқыс жинау сияқты үздік экологиялық тәжірибелерге сенімді қадамдар жасайтынымызды анық көрсетеді. Бұл бәрімізге дұрыс бағытпен жүруге және түбінде жақсы елеулі өзгерістерге қол жеткізуге көмектеседі.





www.tengizchevroil.com